



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Бірлігі бекем елге бақ қонады

Былыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. «Бірлік» ұяымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе біздің айналымыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Шын мәнінде бірлік бар жерде ғана тірлік бар. Бұл – ақиқат.

Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Президенті

Қазақ тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болғанға дейін талай нәубетті еңсерді. Соның түбіне үңілсек, ауызбіршілік нем ынтымақ бөріне басты себеп болғандай. Болмаса «келісіп пішкен тон келте болмайды» деген атадан қалған сөз бізге жайдан-жай жеткен жоқ. Бізге дейінгілер талай мәселені ымырамен, ынтымақпен шеше білгенін бізге де ауызбіршілікті есiet етіп отыр.

Жалағашы 2-бетте



Құттықтау

Құрметті, аудан тұрғындары!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген қанатты қағиданы атадан балаға мирас етіп қалдырғандай. Бірінші мамыр – қазақ халқының бірлікке, ынтымаққа, достық пен еркіндікке ұмтылуының ұраны. Біздің елімізде достық пен ынтымақтастықтың шынайы белгісі Қазақстан Республикасы Конституциясында айшықталған. «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» десек, әрбір ұлт өкілі соның бірін өзім деп санайды.

Қазақстан – біздің ортақ үйіміз.

1995 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасы Президенті жанынан консультативтік орган ретінде Қазақстан Халқы Ассамблеясы құрылған болатын. Осындай институт құру қажеттілігі нақ сол уақытта саяси тұрғыдан да, тәуелсіз мемлекеттің тұрақтылығы үшін де керек болды. Сол уақыттан бері бұл бірегей институт халық достығы үшін қызмет етіп келеді.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл – еліміздегі қоғамдық келісіммен ұлтаралық татулықтың айналасына кепіліне айналған ерекше құрылымның маңызды межесі. Ауданда аталған ұйым тұрақтылық пен бірліктің берік тұғырын қалыптастырып, өзінің тарихи миссиясын абыроймен атқарып келеді.

Қазақ жері – ежелден достық мекені. Еліміздегі бүгінгі берекелі бейбіт тірлік – Қазақстандағы мекендеген ұлттардың тоғысқан тағдырларының бірлігі, қазақ даласы елімізде өмір сүріп жатқан барлық халықтың атамекеніне айналып отырғанының дәлелі.

Сонау жылдары тағдыр төлкегімен қоныс аударып, Сыр бойын паналаған түрік, шешен, корей, орыс, татар және басқа да ұлт өкілдерінің ұрпақтарымен бүгінде туысқандай бірігіп, бірлесе отырып, кемел келешек үшін еңбек етудеміз.

Берекелі елге бақ қонар деген, осы бірлігіміз ұзағынан болсын! Бірлік, достық, ынтымақ мерекесі баршаңызға құтты болсын, ағайын!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі



Еңбек адамы

Лилия Пак, кент тұрғыны:

Жырақта жүрсем, Жалағашымды сағынамын

Мереке қарсаңында өзге ұлт өкілі Лилия Пак апайдың шаңырағына барып, сұхбат құруды жөн көрдік. Апамыз үйінде екен, бізді жылы шыраймен қарсы алды. Әжесі «Ромчик» деп еркелетсе керек, сол немересі біз отырған қонақ бөлмеге кіріп келді. Бүлдіршін бізбен «Ассалаумағалейкум!» деп амандасып, оң қолын жүрегіне қойып, әнұранды шырқай жөнелді. Сөйтсек, әжесі айтқандай, немересі әнұранды шырқағанды ерекше ұнатады екен.

Лилия Пак қазақ тілінде емің-еркін сөйлейді, онымен қоса қазақ жерінде қалыптасқан әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді де меңгеріп, күнделікті өміріне енгізген. Жұма сайын жеті күлше пісіріп, көршілерге таратады. Тіпті бүгінде қазақ ұлтымен қыз алысып, қыз берісіп, құда болып отырған жайы бар.

Бүгінде апай 3 баласынан 11 немере, 7 шөбере сүйіп отыр. Әңгіме арасында «Шөбереден немере тәтті болады екен» деп әзілдейді. Иә, кейіпкеріміз қазақтар секілді немерелерінің тұсауын кесіп, тіпті тойды да қазақша өткізеді екен. Бақытты әжеңнің немерелерінің ортасында жайбарақат отырған сәтіне тамсанып, апайдан өткеннен кішкене болса да сыр шертуін өтіндік.

Кейінге шегінсек, Лилия Пактың анасы Сыр өліне 1945 жылы Ресейдегі Қырымнан жер аударылған туыстарын іздеп келген. Өкінішке орай корей қызының туыстарымен жүздесу бұйырмапты. Бірақ Жалағаш жұрты оны өз бауырындай құшағына басып, аяққа тұруына көмектеседі. Осылайша Лилия апаның анасы Жалағаш жерінде тұрақтап, тұрмысқа шығады. Кейіпкеріміз 1955 жылы, яғни 5 жасында өкесінен айырылады. Кішкентайынан өмірдің ауыр тауқыметін сезініп өскен Лилия апайдың өмірге деген ерекше көзқарасына сүйсінбеске амал жоқ.



– Менің анам 13 жасында Сыр өліне қоныс аударады. Әрине, алғашында кімге болса да өзге елде өмір сүру оңай соқпайды. Бірақ Жалағаштың қонақжай жұрты жылы қарсы алып, Қымбат, Көркем деген апамыз қолдарынан келген көмегін аямаған. Үйлеріне кіргізіп, төріне шығарған. Соғыс енді аяқталған уақытта тамақ табуда оңай емес болған. Соған қарамастан бір нанды бір үйдің балаларындай бірге бөліп жеген. Ол апаларым қазір өмірден өткен. Десе де анам сол кісілерге үнемі риза болып, рахмет айтып отыратын. Мен де қазақ ұлтының ол жақсылығын ешқашан ұмытқан емеспін. Балаларыма да әрдайым айтып отырамын. Қазақтар аман болсын. Кеңпейлді, мейірімді қазақ халқына алғыс айтқым келеді. Анам көзінде өмірінің соңына дейін «біз жақсылық көрген қазақ халқына алғыс айтып, құрмет көрсетіп жүр» деп кетті, – дейді Лилия Андрейқызы.

Еңбек ардагері Лилия апай аудандық емханада 40 жыл медбике болып абыройлы қызмет атқарған. Саладағы мінсіз қызметі үшін бірқатар марапатқа да ие болды. Мәселен, тұңғыш Президенттің «Құрмет» грамотасын ерекше мақтан тұтатынын айтады. Сондай-ақ министрліктің, облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталған. Былтыр аудан әкімі Ардақ Ибраимовтан «Жалағаш ауданының құрылғанына 85 жыл» төсбелгісін алыпты.

– Өткенде Корей елінен делегация келді. Мен көріс тілін түсінбеймін ғой. Жандарында аудармашы қазақ қызы бар екен. Сөйтіп менімен танысып, үйде қонақ болды. Не керек, делегация өкілдері маған Корей еліне қоныс аударуды ұсынды. Тіпті үй де береміз деді. Әрине, мен бас тарттым. Өйткені менің туған жерім – киелі Жалағаш. Осында өстім, үйлі болдым, қалай туған жерімді тастап кетемін. Туған-

туыс, дос-жаран, құда-жекежат барлығы осында, мен тек қазаққа ғана керекпін ғой. Жыраққа кетсем, Жалағашымды сағынамын. Осы сөзімді естіген аудармашы қыз мені құшақтап, көзіне жас алды, – дейді кейіпкеріміз.

Иә, өткен ғасырдың 30-жылдарында корей халқының басына қандай ауыр тауқымет түскенін кейінгі ұрпақ тарихтан білеміз. Корей ұлтының 100 мыңға жуық өкілі қақаған қыста жүк вагондарымен айдалаға жер аударылып келгенде, қазақ халқы оларды бөлексіңбей бауырына басып, қиын-қыстау заманда көмек қолын созды. Бастысы, ешқашан «өзге ұлт» деп өңменінен итермейтін қонақжай қазақ жерінде Лилия апайымыздай жүрегі қазақ деп соққан өзге ұлт өкілдері бақытты ғұмыр кешуде. Қазақстанды олар өз Отаным деп санайды.

Жандос ЖАЗКЕН

2 ҚОҒАМ

Бірлігі бекем елге бақ қонады

Қоғам қайраткері, ағартушы, ақын Ахмет Байтұрсынұлының «Аққу, шортан һәм шаян» өлеңін оқыған адам ынтымақтың қай жерде де маңызы жоғары екенін аңғара қояды. Ахмет атамыз не дейді? Аққу көкке, шаян жерге, шортанның суға тартқандай, кеңессіз әркім ойын жасап алауыз болса, түбі жақсылыққа алып бармайтынын бір ғана өлеңмен бізге жеткізіп отыр.

«Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас. Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас» дейді. Міне, өлеңнің қорытынды шумағынан біз де қорытынды шығаруымыз керек. Сонда ғана еліміздің дамуына, ортақ Отанымыздың өркендеуіне барлығымыз себепкер боламыз.

Жалпы арғы-бергі тарихты ақтара берсек, бізге бабаларымыз ауызбіршілікті өсиет етіп отырғандай. Демек, бірліксіз тірлік алға баспайды. Сондықтан ынтымағымыз бұзылмай, ымырамен іс қылудың түбінде береке барын түсінуіміз керек. «Бақыт қайда барасың?» деп сұраса, «ынтымағы жарасқан елге барамын» деген сөздің астарына үңілсек те бірліктен асқан байлық болмайтынын аңғара қоясыз.

Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп, батасын алады. Төле бала әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақалп отырған әкесі ынтымақ, ел бірлігі жөнінде еңгіме айтып отырады. Төле «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?» дегенді сұрайды. Сонда әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады: – Балам, мынаны сындырып көрші.

Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы.

Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт етіп оп-оңай сындыра береді.

Әлібек би: – Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда. Төле бала: – Түсіндім, әке, бұл мысалыңыздың мәнісі ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала



алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой.

– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауыз-біршілікке, ынтымаққа шақыра біл «Бақ қайда барасың дегенде, ынтымаққа барамын» дегенінің мәнісі осы, – депті.

Қазір Қазақстан – тәуелсіз мемлекет, сол шексіз байлыққа жетуіміздің де түбінде бірлік жатқанын бүгінгі ұрпақ білуі тиіс. Ал сол басымызға қонған бақтың мәңгі орнауы үшін де осы ауыз-біршіліктен айырылмай, алауыздықтан ада болуымыз керек.

Жалпы еліміз текті халық қой, «жер бетінде жақсылық атаулының барлығы қазақтың бойынан табылады» десек, артық айтқанымыз болмас. Кешегі қиын-қыстау шақта әәбір көріп, қуғын-сүргінге ұшыраған қаншама ұлт пен ұлысқа пана болған кім? Қазақ. Аш-жалаңаш жұртқа өздері жарымай отырса да қарасқан кім? Тағы да қазақ, Панасызға пана болған тағы да қазақ. Қазір біздің елімізді «ортақ Отаным» деп таныған өзге ұлт өкілдерінің қай-қайсысының да аузын бақсак, еліміздің жақсылығын жарыса айтады. Міне, өз алдына мемлекет бол-

сын деп Тәңірдің Тәуелсіздікті сыйға тартуында да халқымыздың бойындағы дархандық, қонақжайлық жатқанын түсінеміз.

Қай кезде де ымырамен іс қылған елдің ертеңі жарық болуы үшін ынтымағымыз бұзылмауы керек. Кешегі Ассамблеяның сессиясында Президенттің сөзінен де ұққанымыз осы. Бірлік бар жерде тірлік болатынын қазақтай дархан елден артық ешкім білмейді. Сол ынтымағымыз мәңгілік болғай!

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Басы 1-бетте

Сараптама

Соңғы 3 жылда газдандыру деңгейі 4,7 пайызға өскен

Биыл елімізде газбен қамтылғандар саны 12,8 млн адамға жетеді. Энергетика министрі Ерлан Аққенженов бытыр газ өндіру 59 млрд текше метрге жеткенін айтады. Биылғы меже – 62,8 млрд текше метр. Сәуір айына дейін газ өндіру көлемі 17,2 млрд текше метрге жеткен.

Сала министрі бытыр ішкі нарықтың қажеттілігіне 21,2 млрд текше метр жеткізілгенін айтты. 2025 жылға болжамды тұтыну көлемі шамамен 21,3 млрд текше метрді құрайды. Бытыр сұйытылған мұнай газын өндіру көлемі 1,7 млн тоннаға жеткен. Сөзінше, Қазақстан газының болжамды балансы бойынша тауарлық газ өндіру көлемі тұрақты өсуде. Мәселен, бытыр 28,7 млрд текше метрден 2030 жылға қарай 34,6 млрд текше метрге дейін ұлғаю байқалады.

Еліміз газ саласында геологиялық барлау жұмыстарын белсенді дамытып жатқанын айта кеткен жөн. Негізгі басымдықтардың бірі – көмірсутектердің барланған қорларының көлемін ұлғайту. Бұл мақсатта «QazaqGaz» ұлттық компаниясы мемлекеттік Жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына енгізілетін 15 жер қойнауы учаскесі бойынша жұмыс жүргізуде.

4 газ өңдеу зауыты пайдалануға берілді

2026-2030 жылдары 4 газ өңдеу зауытын кезең-кезеңімен пайдалануға беру басталады. Олардың қатарында қуаттылығы жылына 1 млрд және 2,5 млрд текше метр болатын «Қашаған» кен орнының, қуаттылығы жылына 4 млрд текше метрді құрайтын «Қарашығанқ» кен орнының шикізаты базасында, сондай-ақ қуаттылығы жылына 900 млн текше метр болатын Жаңаөзен қаласындағы «Қазақ ГӨЗ» кен орны бар. Қашаған кен орнының шикізат базасында 4 газ өңдеу зауыттарын салу үшін қатарлық инвестор «UCC Holding» компаниясы тартылған. Бүгінде «QazaqGaz» ҰҚ» АҚ мен «UCC Holding» арасында осы жобаларды іске асырудың соңғы шарттары жасалуда. Ал «Қарашығанқ ГӨЗ» құрылыс жобасын жүзеге асыру Оператордың қаражаты есебінен жүзеге асырылмақ.

Энергетика министрі «Әлеуметтік әмиян» пилоттық жобасының нәтижелі екенін айтады. Сөзінше, Батыс Қазақстан облысы мен Шымкент қаласында мемлекеттік атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газға ваучерлер ұсыну қызметін көрсету бойынша «Әлеуметтік әмиян» пилоттық цифрлық жобасы әзірленіп енгізілген. Жоба тауарлық газ бағасы өскен жағдайда халықтың осал топтарын қолдауға бағытталған. Бастама шеңберінде мемлекеттік атаулы және тұрғын үй көмегін алушылар тұтыну лимиттері белгіленген газға ваучерлер алады. БҚО-да айына 833 текше метр, Шымкентте – 631 текше метр.

Биыл 71 елді мекенді газбен қамту жоспарда бар

Биыл газбен қамтуды жалғастыру мақсатында ел тайқазанынан және

«Самұрық-Қазына» АҚ қаражатынан 84 жобаны іске асыру үшін 112,5 млрд теңге бөлінді. 71 елді мекенді газбен қамту бойынша 60 жобаны аяқтау жоспарда бар. Бұл жоба жүзеге асса, 218 мың адам табиғи газ тұтынады.

Ел тұтынушыларын газбен үздіксіз қамтамасыз ету үшін ірі стратегиялық инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, оның ішінде «Бөйнеу – Бозой – Шымкент» магистралды газ құбырының екінші желісінің құрылысы, «Ақтөбе – Қостанай» магистралды газ құбырының құрылысы, «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы жоспарлануда. Қазіргі таңда Қазақстан транзиттік әлеуетті арттыруда. 2 жыл бұрын Ресей газының Өзбекстанға транзиті іске қосылды. Мәселен, 2023 жылы 1,28 млрд, 2024 жылы 5,6 млрд текше метр тасымалданған. Ал биыл бұл меже 7,3 млрд текше метрді құраса, 2038 жылға 11 млрд текше метрге дейін ұлғайту жоспарда бар.

Министрлік ішкі нарықта сұйытылған мұнай газының өсіп жатқаның, яғни тапшылық мәселесі барын айтады. Ай сайын өңірлерге шамамен 130 мың тонна сұйытылған газ бөлінеді. Алайда министр «Бұл жеткілікті» дейді. Қазіргі қажеттілік ұсыныстан 25-30 мың тоннаға асады.

Министрлік сұраныстың өсуін газбен жүретін көліктер санының көбеюімен байланыстырады. Бұған дәлел де жоқ емес, мәселен, бытыр газбен жүретін көліктер саны 677 мыңға жеткен. Бұл көрсеткішті 2023 жылмен салыстырсақ, 16 пайыз өсім байқалады.

Соңғы 3 жылда елімізде газдандыру деңгейі 4,7 пайызға өскен, нәтижесінде 1,7 млн адам газға қол жеткізді. Бюджет қаражатынан бөлек 700 млрд теңгеден астам қаржыға инфрақұрылымдық жобалар салынған.

Аймақта бытыр 11 елді мекен газға қосылған

Айта кетейік, аймақта елді мекендерді газдандыру жұмыстары жоспарлы жүргізілуде. Өңірдегі қалалар мен аудан орталықтары түгелдей, оған қоса 45 ауыл табиғи газға қосылған.

Өткен жылы газдандыру жобаларына 30 млрд 500 млн теңге бөлініп, 11 елді мекеннің 40 мыңға жуық тұрғыны газ тұтынуға көшті. Жыл басынан бері тағы 5 елді мекен газдандырылып, өңір халқын газбен қамту деңгейі 80,8 пайызға жетті. Биыл газдандыру жобаларына 6 млрд 100 млн теңге бөлінген.

Аудан халқының 47 пайызы газ тұтынады

Жалағаш кентінде орталықтандырылған газ желісі 2021 жылы пайдалануға берілді. Қазіргі таңда Жалағаш кентіндегі 3 215 тұрғын үй (97 пайыз) және 26 әлеуметтік, 131 кәсіпкерлік



нысан (Жалағаш кентіндегі тұрғын үй саны 3 215), Ақсу елді мекені бойынша 246 тұрғын үй (Ақсу елді мекеніндегі тұрғын үй саны 310), М.Шәменов елді мекені бойынша 120 тұрғын үй орталықтандырылған газ желісіне қосылған (М.Шәменов елді мекеніндегі тұрғын үй саны 205).

Бытыр елді мекендерді газдандыру мақсатында жалпы құны 1086,2 млн теңге бөлінді. Тарқатып айтсақ, М.Шәменов елді мекенін газдандыру жұмыстарының келісім-шарт құны – 649,1 млн теңге. 2023 жылға облыстық бюджеттен 63,8 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілген. Бытыр Ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 485,3 млн теңге қаралды. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстары аяқталды. М.Шәменов ауылының 58,5 пайызы табиғи газ желісіне қосылған.

Ақсу елді мекенін газдандырудың келісім-шарт құны – 517,4 млн теңге. 2023 жылға облыстық бюджеттен 20 млн теңге қаралып, тиісті жұмыстар жүргізілген. Бытыр құрылыс монтаждау жұмыстарын жалғастыру үшін Ұлттық қордан 100 млн, облыстық бюджеттен 397,4 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстары толығымен орындалып, нысан пайдалануға берілді. Бүгінде ауылдың 79,4 пайызы табиғи газ желісіне қосылған.

Ауданда ауылдық елді мекендерді газдандыру жұмыстары әлі де жалғасады. Бұл мақсатта Қаракөткен Далдабай елді мекендерін газдандыру жұмыстарына демеушілік есебінен жобалау-сметалық құжаттар әзірленген. Мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп,

мердігер мекеме де анықталған. Жалпы келісім-шарт құны – 1,1 млрд теңге. Жобаны қаржыландыру үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтімін ұсынылған.

Бұқарбай батыр елді мекенін газдандыру жұмыстарына демеушілік есебінен жобалау-сметалық құжаттар әзірленді. Жоба құны – 1 млрд 329,7 млн теңге. Жобаны қаржыландыру үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтімін ұсынылған. Үш елді мекенді газдандыру жүргізілген жағдайда аудан халқының 63 пайызы табиғи газбен қамтылады.

Биыл нысандарды газдандыру жұмыстары бойынша М.Шәменов ауылындағы №34 орта мектеп, «№18 бөбек» бөбекжай-бақшасы, Ақсу ауылындағы №116 орта мектеп, Жалағаш кентіндегі №201 мектеп-лицейі, №31 мектеп-гимназиясы және «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы қазандықтарын реконструкциялау және табиғи отын түріне ауыстыру жоспарланған. Жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу үшін және жобаны қаржыландыруға облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтімін ұсынылған. Сонымен қатар Жалағаш кентіндегі аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің, теңгеріміндегі өкімшілік ғимаратты газдандыру үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленген.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Маман мерейі



Адал еңбек – өмірлік ұстанымы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы

мамандықтар» жылы деп жариялады.

Осыған орай елімізде жастарға әртүрлі

саладағы еңбек адамдарының жұмысы

дәріптеліп келеді. Өткен аптада Ақсу

ауылдық клубының ұйымдастыруымен

«Адал адам-мәдени тәрбие»

тұжырымдамасының «Жанұя шуағы»

жобасы аясында «Қызмет жолы –

Құрмет жолы» атты Алма Сартайқызын

зейнеткерлікке шығарып салу кеші өтті.

Аталған шараға кейіпкеріміздің отбасы, бірге оқыған достары мен әріптестері, ауыл тұрғындары келіп, бірнеше жыл артқа шегініс жасап, жылы лебіздерін білдірді.

Кейіпкеріміз 1986 жылы Алматы зоотехникалық-ветеринарлық институтына оқуға құжат тапсырған. Дәл сол жылы қазіргі республика алаңында желтоқсаншы жастардың көтерілісі орын алған. Бұл көтеріліске себеп болған Қазақстан коммунистік партиясы орталық комитетінің І хатшылық қызметінен Дінмұхаммед Қонаев кетіп, оның орнына Геннадий Колбиннің келуі түрткі болған. Алаңға жиылған жастардың талап-тілегі тапталып, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшыраған. Азаттық үшін күресеміз деген жастардың алды түрлі жарақат алып, көптеген жас жұмыссыз қалып, оқуын аяқтай алмай, ауылдарына қайтқан. Ызғарлы оқиғаның бел ортасында болғандардың бірі – мақаламызға арқау өткен кейіпкеріміз Алма Сартайқызы. Сол сұрапыл сәттің күесі болып, ел тағдыры таразыға түскен сәтте отандастарымен бірге болған өрімдей жап-жас қыз бүгінде 50 жасты еңсеріп, аяулы ана, ақжаулықты әже атанып, құрметті еңбек демалысына шықты.

Ол жоғарыда аталған оқу орнын тәмамдаған соң еңбек жолын аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциясында бастап, 12 жыл бойы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын, қоғамдық денсаулықты сақтау және тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қызмет атқарған. Одан кейін, яғни бүгінге дейін Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратында жұмыс жасаған.

Ол алғашқы жылдары ауылда ветеринарлық-санитарлық іс-шаралар мен адам мен жануарларға ортақ аурулардың алдын алу жұмыстарын жасаған. Нақтырақ айтсақ, кейіпкеріміз ауылда бруцеллез індетін жою жұмыстарын жүргізген.

– «Мал ашуы – жан ашуы» демекші бала-шағасының аузынан жырып, күн көрісіне айналған малды ешкім өртеуге қимасы анық. Десе де мал ауруының артында адам тағдыры тұрғанын ауыл тұрғындарына ескертіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, дерт өршімес үшін індет жұқтырған малдарды өртеуге тура келді. Себебі бұл ауру өте қауіпті. Бір үйден 10 шақты, екінші үйден 20 бас мал өртедік. Беті аулақ, алайда бұл дертпен адам ауырса, ұрпақсыз қалады. Яғни жүкті келіншек баласын өлі туады немесе түсік тастауы мүмкін, – дейді ол.

Кейіпкеріміз дертке шалдыққан жас малдарды тексеру барысында сырқат тұрғындардың сырттан сатып әкелген малдарынан пайда болып, қорасында бұрыннан бері тұрған малдарға жұққанын анықтаған. Ол індет басқаларға жайылмас үшін дер кезінде оларды өртеп, көзін жоюға мәжбүр болғанын айтады. Алайда бұл іс-әрекетінен кейін бірде-бір малда бруцеллез індеті анықталмай, ауыл біржола бұл дерттен құтылған.

Шара барысында Алма Сартайқызының достары оның адалдығы мен қаталдығын тілге тиек етсе, бірге қызмет еткен әріптестері еңбекқорлығы мен тұрашылдығын сөз етті.

– Алма ауылға мен басшылық етіп тұрған кезде жұмысқа орналасты. Өз ісіне мығым, сөзіне берік жан. Қандай тексеру келсе де еш қорықпайтын. Себебі жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, өз ісінің білікті маманы. Ешқандай заңсыз іс-әрекеттерге бармай елге адал қызмет етті. Соның нәтижесінде ол айыппұл ескерту дегенді ешқашан алған емес, – дейді кент ардагері Қожатай Құлмаханов.

Иә, Алма Сартайқызының елге жасаған ерен еңбегін бүгінгі жастар біле бермегенімен, ауыл ақсақалдары мен аналар жақсы біледі. Олар аталған шараға арнайы келіп, ақ тілегін жаудырып, иығына ақ жаулықтарын жапты. Мал шаруашылығы арқылы адал асын ішіп, нәпақасын тауып отырған тұтастай бір ауылдың дертіне тұсау қойды. Бұл оқиғаны ауыл тұрғындары әлі күнге дейін ауыздарынан тастамай, алғысын жаудырады.

Шара соңы ауыл өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласып, жергілікті жұрт абыроймен зейнеткерлікке шыққан кейіпкерімізге алғыс жаудырып, құрмет көрсетті.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Ысқақ Нұржанов – 100 жыл

Жеңіс сыйлаған жауынгер

Бірлігі бекем қазақ жұртының бұған дейін қасіретті жылдарды қалай еңсергеніне тарих куә. Өткен күндерге көз жүгіртіп, «Тәуелсіздік – бізге сол бабаларымыздың бойындағы өрлік, ерлік, төзімділік, қайсарлық сынды қасиеттеріне берліген Төңірдің сыйы» деген өй түйесіз. Әсіресе қазақ жұрты еңсерген ең нәубетті кезеңнің бірі Ұлы Отан соғысы еді. Қан майданда қаншама қазақ жауынгері ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, жауға тоғайрыс берді. Солардың қатарында жалағаштық жауынгер Ысқақ Нұржанов та болды.

Иә, екінші дүниежүзілік соғыс XX ғасырдағы адамзат қасіретіне айналды. Сұрапыл соғыс салған жара, жеңіс туы желбіреген күннен бері арада 80 жыл өтсе де, әлі жазылған жоқ. Аспанын қара бұлт торлаған соғыс жылдары дүниедегі ең ауыр сөз қара қағаз болды. Соғыс жылдары қаншама үйдің ошағындағы ең ауыр сөз қара қағаз болды. Соғыс жылдары қаншама ана баласынаң, қаншама бала әкесінең, қаншама әйел асыл жарынан айырылды. Ал миллиардтаған жанның сарыла, зарыға күткен жалғыз ауыз сөзі ол – жеңіс еді. Сол жеңіс жолында қаншама боздақ мерт болды, қаншама үйдің ошағындағы от өшті. Қаншама әйел жесір қалып, қаншама бала жетімдіктің ащы дөміні татты. Тіпті қаншама ер азамат жар күшпай, дүниеден ұрпақсыз қыршын көтті. Әлі күнге дейін аталарының қай жерде оққа ұшып, қай жерде кемпілген біле алмай жүрген қаншама адам бар. Осынша қайғы-қасіреттің бәрі «соғыс» деген бір ауыз сөзге сияды.

Жау аяғы тимеді демесеңіз, қазақ даласы соғыс жылдары қайғы жамылып жатты. Себебі жеріміз жаудан азат болғанымен жасы келген жіптердің бәрі майданға аттанды. Елдегі жұрттың соғыс салған қайғысының түкпірінде жеңіске деген өлмес үміт жатты. Сондықтан бұл жеңісте әрбір қазақ жауынгерінің өзінік үлесі бар. Жастығы мен жігер-қайраты, елге деген өлмес сағынышы бар. Ал жеңісте әрбір ардагердің ұрпаққа аманаты жатыр.

1941 жылдың 22 маусымын таңы Кеңес одағы үшін суық хабармен басталды. Кеңес одағы құрамындағы елдер тұтастай соғыс жағдайына көшірілді. Ер азаматтар лөк-лөгімен соғысқа аттанып жатты. Соғыс жылдары бір ғана Қызылорда облысынан 150 мың адам майданға аттанды. Олардың арасында 18-ге енді толған бозбалалар да болды. Табаны күректей 5 жылға созылған кескілескен қан майдан талай жасты көктей орды. Олардың орынын 18-ге енді толған жастар басты. Осылайша соғыс жалғаса берді, сонда да елдің жеңіске деген үміті өшкен жоқ.

Қиыр шығыстағы қан майдан

Ысқақ ақсақалдың кенже баласы Амандық бүгінде Жаңадарияда өкесінен қалған қарашанырақта тұрады. Ұзақ жыл денсаулық сақтау саласында қажырлы еңбек еткен Әбекен атамыздан соғыс жылдарындағы сұрапыл жылдардың тарихын көп сұрапты. «Балалық па білмеймің, әкемді соғыс жайында сұрақтың астына алғанда біразға дейін жақтырмай томысарып қалатын, сәлден кейін райынан қайтып, басынан өткен қиын шақтарды баяндайтын» дейді Амандық ағамыз.

Соғыс басталғанда небәрі 16 жастағы Ысқақ Нұржанов ел басына күн туған шақта жұртпен бірге «бәрі де майданы үшін» деп таңның атысы, күннің батысы бел жазбай еңбек етті. Халық қып аяғы иіне жібіне дейін майданға жөнелтіп жатты. Жастық дәурені сұм соғысқа тап келген Ысқақ тылдағы ауыр еңбекке ерте кірседі. Ер азаматтарын түгелдей соғысқа жіберген ер қазақ ауылының тағдырындай, туған ауылы Тереңөзектегі тыл еңбегінің бар ауырталпығы Ысқақтай бозбалалардың мойнына болды. Атан түйе көтермес ауырталпықты он алтыға енді толған Ысқақтай азаматтар мойымай көтеріп, майдан үшін аянбай еңбек етті. Тылдағы еңбек майданында жүрген Ысқақ он сегізге толғанына үш ай өткенде, яғни 1943 жылдың наурыз айында Тереңөзек әскери комиссариатынан әскерге шақырту алады. Бұл екінші

дүниежүзілік соғыстың кескілескен қан майданы қызған тұс болатын.

Осылайша аумалы-төкпелі қилы заманда 1925 жылы дүниеге келіп, бала-лық шағын қазақ халқының басына төнген ашаршылықты, репрессия жылдарын еңсерген Ысқақ Нұржанов майданға аттанды. «Өңмендеген қалың жауды жеңемін» деп өзіне серт берді. Әскери комиссариат Ысқақ Нұржановты сонау қиыр шығыста жүріп жатқан майданға салды. Сөйтіп жас жауынгер Забайкалье майданының №649-атқыштар полкының екінші батальонындағы екінші взвод қатарында қанды ұрысқа кірді. Қаруластарымен бірге талай қанды жорықтарда фашистермен шайқасып, жеңісті жақындатуға жастығын, күш-жігерін жұмсады.

Ысқақтай батырлардың ерлігінің арқасында 1943 жылдың соңына таман фашистер шегініп, Кеңес әскері жеңістің ауылы өлі де алыс еді. Ұрыс даласындағы кезекті шайқастың бірінде Ысқақ Нұржанов жау оғынан жараланып, әскери госпиталға түседі. Аяққа тұрып, дертінен айыққан соң тағы да қан майданға аттанды.

Майдангердің жеңіске деген жауынгерлік жігерін жау оғы жасыта алмады, керісінше, намысын қайрап, ерлігін еселей түсті. Сұрапыл шайқастарда ержүректігімен көзге түскен Ысқақ Нұржановтың батырлығы бағаланып, екінші дәріжелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды.

Қан майданның кескілескен ортасында батырлығымен мәлім болған Ысқақ Нұржанов аға сержант әскери шенін де алды. «Жауды жеңемін» деп өзіне серт беріп, туған жері Тереңөзектен аттанған ол Отанын жаудан азат етіп, жеңіс күнін майдан даласында қарсы алды.

Жеңілі Бір ауыз сөз қалың елдің қайғысын ұмыттырды. Үміт отын лаулатты. Тылдағы ауыр еңбекті жеңілдетті. Көздің жасын тыйып, көңілдерге қуаныш септі. Ысқақ Нұржановтай ерлердің ерен ерлігінің арқасында ғана жау жеңіліп, түбегейлі жеңіс орнағанымен қайүп толық сөйлімеген еді. Шекараға тұтқиылдан шабуыл болуы ықтималдығына байланысты аға сержантқа шекараны қорғау тапсырылады. Жеңіс туын желбіреткен қазақ жауынгері соғыстан кейін екі жыл бойы шекара қузетті. Отан алдындағы бұл істі де ерен ерлікпен өтеп, туған жеріне аман-есен оралады.

Қызылқұмдағы еңбек майданы

Соғыс аяқтаған соң екі жыл шекараны қорғап және тағы үш жыл соғыс кезінде қираған қалаларды қалпына келтіру жұмыстарына қатысқан Ысқақ Нұржанов 1950 жылы елге оралды.

Соғыс жылдарында тылга айналып, барын майданға берген ел тұрмысы ауыр еді. Бірақ жеңіс ауырталпықты жеңілдетіп тұрды. Туған ауылы Тереңөзек ауданына қарасты Аламесекке аманесен жеңіспен оралған Ысқақ білім алсам дейтін арманының орындалар сөзі келгенін сөзді. Сөйтіп ерлігін ейгілеген орден-медалға толы жас жауынгер Қазалы ауыл шаруашылық техникумының механизация бөліміне оқуға түсті. Білімге құштар жастың көксеген мақсаты орындалып, зоотехник мамандығы бойынша оқып білім алды.

Сол жылдары соғыстан кейінгі жылдары тұралап, дамытуды күтіп тұрған шаруашылық саласына зоотехник мамандығы ауадай қажет еді. Ысқақ Нұржанов уақытына қажетті мамандық



иесі болғандықтан бітіре сала жұмысқа кірісіп кетті. Жеті жыл майданда жүріп, елге оралған жылы үйлі-баранды болып, Дәмедей асыл жар сүйіп, шаңырақ көтерген Ысқақ 1966 жылға дейін кіндік қаны тамған Аламесекте абыройлы қызмет етті.

1964 жылы Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің шешімімен Қызылорда облысы аумағындағы Қызылқұм өңірінде мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы қабылданады. Осы бағдарламаға сәйкес Жалағаш ауданынан жаңадан 6 совхоз құрылды. Соның бірі – Жаңадария.

Жаңа құрылған шаруашылықтарды аяғына тұрғызып, шаруаны ширату үшін жан-жақтан үздік мамандар жұмысқа тартылды. Сондай мамандардың қатарында 1966 жылы Ысқақ Нұржанов та отбасымен жаңадан құрылған Жаңадарияға қоныс аударды. Енді ғана құрылған шаруашылықтың ісіне бел-шеше кіріскен Ысқақ күн-түн демей, жар құлағы жастыққа тимей еңбек етті. Еңбек талағмайтын әрі қандай іс болса да жауапкершілікпен атқаратын Ысқақ шаруашылық қоймасы меңгерушілігінен бастап, ферма меңгерушісі және басқа шаруашылық саласындағы қызметтерді абыроймен атқарды. Еңбек майданында да көзге түсіп, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Саналы ғұмырын өзіжаудан қорғаған елінің дамуы мен көркеюіне арнап, өлшеусіз үлес қосқан Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Ысқақ Нұржанов құрметті демалысқа шыққан соң да қоғамға қызмет етуін тоқтатқан жоқ. Жаңадария ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы қызметін атқарып, жастарға үлгі-өнеге болып, өткен мен бүгінді жалғаған қазыналы қарт, ауылдың абыз ақсақалына айналды.

Өмір жолы өнеге

Кейіпкеріміз аяулы жары Дәме екеуі 5 ұл 1 қызды өмірге әкеліп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мөпелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Ысқақтай әке, Дәмедей ана тәрбиесін көрген ұл-қызының бәрі де өмірден өз орындарын тауып, түрлі салада жемісті еңбек етті. Үлкені Зиядін Нұржанов ауылда қойма меңгерушісі болып қызмет етіп, құрметті зейнет демалысына шықты. Зейнебек Нұржанов Алматы ветеринария институтын бітіріп, совхозда ферма меңгерушісі болды. Ақылбек Нұржанов ауылда түрлі шаруашықтарда абыройлы жұмыс жасады. 2023 жылы дүниеден өтті. Ал Алтынбек Нұржанов механизатор болып елдің ауыл шаруашылығы саласын ширатты. Атамыздың жалғыз қызы Зәурешқұл Нұржанова Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік институтты бастауыш пәні мұғалімі мамандығын орыс тілі бойынша аяқтап, 40 жылдан бері мұғалім болып білім салсына тер төгуде. Бүгінде ұлағатты ұстаздан тәлім алған шәкірттердің алды елдің өркендеуіне ер салада қажырлы еңбек етуде. Кенже

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Жемқорлыққа қарсы күрес – қоғам талабы

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін әлеуметтік індет. Ол мемлекеттік органдардың бөделін түсіріп, халықтың билікке деген сенімін әлсіретеді. Жемқорлықтың салдарынан қоғамда әділетсіздік орын алып, заң үстемдігі бұзылады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Қазақстан Республикасы бұл мәселеге ерекше назар аударады. Елде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданып, арнайы агенттік жұмыс істейді. Мемлекеттік қызметшілердің адал жұмыс істеуіне жағдай жасау, ашықтықты қамтамасыз ету – басты мақсаттардың бірі.

Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – парақорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет. Еліміз дамыған елү елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналамызды ашкөз алаяқтардан аластап, қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек. Бүгінгі таңда жемқорлыққа қарсы күрес – тек мемлекеттік органдардың емес, әрбір азаматтың міндеті. Әркім өз орнында әділдік пен жауапкершілік танытса, біз осы індетті жеңе аламыз. Еліміздің болашағы – таза қоғамда!

Ж.АЙТЖАНОВА,
Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

2025 жылғы 27 сәуірде өткізілген Жалағаш ауданының Қаракеткен ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындысы туралы хабар

2025 жылғы 27 сәуірде Жалағаш ауданы бойынша Қаракеткен ауылдық округі әкімінің сайлауы өткізілді. Жалағаш ауданының Қаракеткен ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстардың санаудың нәтижелері туралы уәскелік сайлау комиссияларының хаттамасы негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының Қаракеткен ауылдық округі әкімінің сайлау өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының Қаракеткен ауылдық округі әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. Қаракеткен ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 820 азамат енгізілген, сайлау бюллетеньдерін 567 адам немесе 69,15 пайызы алды, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша сайлаушылар дауыс берген жоқ, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 6 сайлаушы дауыс берді. Жарақсыз деп танылған бюллетеньі саны – 7.

Жалағаш ауданының Қаракеткен ауылдық округінің әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды: Ермахан Бексұлтан Ғалымбекұлы үшін – 51 дауыс, Ерсұлтанов Ақтан Еңбекұлы үшін – 35 дауыс, Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы үшін – 468 дауыс , «Барлығына қарсы» белгісімен – 6 дауыс берілді.

Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы – Жалағаш ауданының, Қаракеткен ауылдық округінің нәтижесінде сайланған әкімі болып есептелінді.

Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы – 1978 жылы туған, қазақ, «Қаракеткен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, әкім, Қаракеткен ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, «AMANAT» партиясының филиалы ұсынған.Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес, 2025 жылғы 28 сәуірдегі шешімімен 2025 жылғы 27 сәуірде сайланған Қаракеткен ауылдық округі әкіміне Тоқтаров Аділ Тоқтарұлынан тіркеді.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» және Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын газет бетінде орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық "Сыр бойы" газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.
Таралымы – 23727 дана.
Облыстық "Қызылординские вести" газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.
Таралымы – 6181 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.
...

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrboui@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):
1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша фото 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта);
Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.
...

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 2850 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.
...

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетініңzhlagash-zharshysy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта);
Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
TikTok: Video – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz
Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады.

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

"Kyzylorda-news.kz" ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):
1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта);
Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын алға қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Жеңіс парадына қатысқан

Қарақұлов Ілияс 1910 жылы (кейбір құжаттарда 1914 жылы) бұрынғы Сырдария облысы Перовск уезі Байұзақ болысының қамтуындағы ауылда (кейін Жалағаш ауданы Аманкелді ауылдық кеңесіне қарасты Елтай колхозы) дүниеге келген. Алғаш еңбек жолын туған жерінде қарапайым колхозшы болып бастап, кейін Жалағаш көпіндегі қамыс зауытында жұмысшы болған. 1943 жылдың сәуір айында Жалағаш аудандық әскери комиссариаты арқылы майданға аттанып, Солтүстік-Батыс майданында жеделдетілген саперлік курсын оқып бітіреді.

Ол 1943 жылы қазан айынан бастап II-Прибалтика майданының құрамындағы №9 шабуылдаушы инженерлік-саперлік бригадасының №41 дербес шабуылдаушы батальонының сапында сапер болып қызмет атқарды. Майдан даласында көрсеткен ерен ерліктері үшін сол жылдың қыркүйек айында «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Бұл жөнінде оның командирі, капитан Наседкиннің өз қолымен толтырған марапаттау парағында баяндалған. I.Қарақұлов Лаура және Алукеңе қалалары үшін соғыста асқан ерлік көрсетіп, батальонды жеңіске жетеледі. Батыр бабамыз жаудың бомбалау кезінде жарылыш заттар сақталған келіктердегі ертіі өшірген. Ол «Соғыстағы ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Жауынгер 1944 жылдың қазан айында он аяғы мен сол иығынан ауыр жарақаттанып, екі ай бойы Ленинград қаласындағы №2013 әскери-эвакуациялық госпитальда ем қабылдайды. 1945 жыл-

дың қаңтар айынан бастап Ленинград майданында шайқасып жатқан генерал-майор И.В.Панфилов атындағы №8 гвардиялық атқыштар дивизиясының №23 гвардиялық атқыштар полкы құрамындағы №2 дербес саперлік батальонында сапер болып ұрыс қимылдарына қатысады.

1945 жылдың қыс-көктем айларында Балтық бойында жаудың қоршауға түскен 350 мың кісілік Курляндия тобын талқандау операциясында көрсеткен ерлігі үшін сол жылдың маусым айында III-дәрежелі «Данқ» орденімен марапатталды. 1945 жылы наурыздағы қырғында Қарақұлов 3-4 күн ас-ауқатсыз жауға қарсы тұрып, ерліктің асқан үлгісін көрсетті. Тапсырманы бұлықпай орындаған жауынгер III дәрежелі «Данқ» орденін көудесіне тақты.

Гвардия қызыл әскері Ілияс Қарақұлов майдан даласында ерекше ерлік көрсеткен жауынгерлерден іріктеліп алынған Ленинград майданының мың кісілік дербес полкының құрамында 1945 жылдың 24 маусым күні Мәскеу қаласында өткен



Жеңіс парадына қатысады. 1945 жылдың қазан айында елге оралған ол қамыс зауытындағы жұмысын одан әрі жалғастырып, «Жігер» колхозында, кейін «Коммунизм» совхозында жылқы бағып, 1970 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Майдан даласында көрсеткен ерлігі үшін III дәрежелі «Данқ» орденімен «Жа-

уынгерлік ерлігі үшін» медалімен, соғыстан кейін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен (1995 жыл) марапатталған. Соғыс және еңбек ардагері Ілияс Қарақұлов 1996 жылы қайтыс болды.

Қанат ЖАПАКОВ,
аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері

Маман мерейі

Татулық пен бірліктің мекеніне айналған Жалағашта бүгінде 14 этнос өкілі тұрады. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «тілі басқа болса да тілегі бір, жүзі басқа болса да жүрегі бір» көріс ұлтының өкілі – Марина Цойдың шаңырағында қонақта болдық.

– Мен осы киелі Жалағаш жерінде дүниеге келдім. Араласатын дос-жарандардың, көршілерімнің бәрі – қазақ отбасы. Олармен тату-тәтті араласып, қандай мереке немесе тойда болсын бір-бірімізді құттықтап, бірге атап өтеміз. Өзіңіз байқап тұрғандай қазақ тілінде еркін сөйлеймін, – дейді Марина Цой.

Кейіпкеріміздің ата-әжесі – Шығыс өңірінің Приморск облысынан. 1937 жылы барлық кәрістермен бірге Қазақстанға келіп, осы жақта тұрақтап қалған. Әкесі Цой Илья Қызылордада дүниеге келсе, анасы Кім Любова Түркістанның тумасы екен. Кейін екеуі Қызылордада танысып, шаңырақ көтергеннен кейін жұмыс бабымен Жалағашқа қоныс аударған. Кейіпкеріміздің ата-анасы – ауданның дамуына елеулі үлес қосқан қарапайым еңбек адамдары. Әкесі инженер мамандығы бойынша жұмыс жасаса, анасы №31 мектеп-гимназиясында математика пәнінің мұғалімі болып 35 жыл жұмыс істеп, абыроймен еңбек демалысына шыққан.

Ол отбасында 3 ағайынды. Барлығы аналарының жолын жалғап ұстаздық қызметке келген. Үлкен ағасы Цой Владимир – физика пәнінің оқытушысы. Ол қазір Шымкент қаласына қарасты Сарыағаш ауданында тұрады. Екінші бауыры – Цой Виталий. Ол бейнелеу пәнінен сабақ берген қазір өкінішке орай араларында жоқ. Ал Марина – кент орталығында орналасқан №31 мектеп-гимназиясында көркем еңбек пәнінің ұстазы.

Иә, ұстаз болу өкінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол үшін білім мен біліктілік, ізденіс пен талапшылық, шәкіртке деген махаббат пен қамқорлық болу керек. Осы қасиеттердің барлығын кішкентайынан бойына жиган кейіпкеріміз өзі білім алған алтын уақта шәкірт тәрбиелеу көле жатқанына быыл 38 жыл. Ол қызығы мен қиындығы қатар жүретін маман иесі болуды бала күнінен армандаған. Сурет салып, қолөнермен, яғни ою ойып, кесте



Білікті педагог

тігумен айналысқанды ұнататын кейіпкеріміздің бұл қызығушылығы өмірлік нанына айналған. Осыныша уақытта оқушыларын бірқатар жетістікке жеткізген ұстаз шәкірттерінің тұлға болып қалыптасуына өзіндік үлес қосқан. Шәкірттерінің алды бірқатар оқу орынында көркем еңбек пәнінен сабақ берсе, өңді бірі – арнайы үлкен тігін цехын ашқан жеке кәсіпкер.

– Мен тек оқушыларға технология пәнінен ғана емес, сурет сабағынан да дәріс беремін. Көбіне портрет салғанды, кең байтақ табиғатты бейнлегенді ұнатамын. Қай жұмысты болса да, қолөнер немесе сурет салуды бастамас бұрын барлығын алдын ала дайындап, ерекше

болып шығуы үшін кішкене нәрсеге дейін мән беріп қараймын. Ойың жүйрік, қиялың ұшқыр болса, қолынан іс келетін адамға ештеңе көдергі емес, – дейді ол.

Екі саланың басын бір арнаға тоғыстырып, балалық арманынан алыстамаған ұстаз жыл сайын оқушылар арасында қолөнер мен сурет салудан көрмелер мен шеберлік сағаттар ұйымдастырып тұрады. Бұл біріншіден балалардың қызығушылығын арттырып, еңбекке баулыса, екіншіден өзі сияқты білікті мамандардың қалыптасуына үлкен сеп болатынын айтады. 40 жылға жуық ұстаз болған ол быыл зейнеткерлікке шықпақ.

Айта кетейік, кейіпкеріміздің жалғыз ұлынан бір немересі бар. Қолы қалт

етсе бар уақытын ас үйде өткізетін оның күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қазақтың салт-дәстүрін ерекше ұстанатынын аңғардық. Отбасылық әр мереке, жиында дастарханына ең алдымен бауырсақ пен бешбармағын қойып, ұлттық тағамдарды сүйсініп жейді. Қазақтың «қуыс үйден құр шықпа» деген сөзін ескерген ол біздің де қолымызды бос қайтармай, есігінен енгеннен төрін ұсынып, қонақжайлығын көрсетті. Кейіпкеріміздің осыдан-ақ қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін аңғардық.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Марафон



Жалағаштықтар жүгіруден жарысты

Биыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл. Бірлік, татулық және ынтымақ – елдігіміздің мызғымас тұғыры һәм мемлекетіміздің басты құндылығы. Қазақстан халқы Ассамблеясы міне, осы идеологияны сеніммен, жүйелі жүзеге асырып келеді. Ұйымның мерейлі белесін мерекелеу аясында елде тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мәселен, өткен жұмада аудан орталығында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Бірлігі жарасқан» атты ұзақ қашыққа жүгіруден жарыс өтті.

Марафонға аудан бойынша 300-ге жуық адам қатысты. Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысушыларға сәттілік тіледі. Жалағаш кентіндегі орталық стадионнан бастап жүгірген марафоншылар кент көшелерімен өтіп, мөре сызығына келіп тоқтады. Бұқаралық спортты дамыту мақсатындағы спорттық шараға мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, жастар, еріктілер және аудан тұрғындары қатысты.

Жарыс нәтижесімен ерлер арасында I орынды Бұқарбай батыр ауылынан келген Бекнұр Толыбайұлы жеңіп алса, II орынды Мәдениет ауылынан келген қатысушы Нұрлан Сәбенов иеленді. Ал Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны Ислам Мажиев III орын иеленді. Әйелдер арасында аудандық аурухананың қызметкері Рысқұл Есалиева I орын, №31 мектеп-гимназиясынан Ботакөз Төребек II орын, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінен Айгүл Сқақова III орын иеленді. IV-V орын иеленген қатысушыларға да ынталандыру мақсатында алғыс хаттар табысталды.

Гүлсезім АУҒАН,
Қорқыт ата атындағы
КУ-дың 4-курс студенті

Тарих

«АЛЖИР»: азалы жылдар жаңғырығы

Өткен ғасырдың 1930-1950 жылдары ГУЛАГ лагерлерін Кеңес одағындағы «ең білімділер ортасы» деп атауға әбден болатын. Өйткені онда негізінен «халық жауы», «контрреволюционер», «тыңшы», «отанын сатқан» деген жалған айыптармен түрлі ұлттың бетке ұстар қаймақтары, ақын-жазушылар, ғалымдар, саясаткерлер, т.б. тұлғалар отырғаны белгілі.

ГУЛАГ (Лагерьлердің бас басқармасы) жүйесіндегі 500-ге жуық еңбекпен түзеу лагерінің 11-і біздің елдің аумағында орналасты. Олардың қатарында Қарлағ, «АЛЖИР», Степлаг, Камышлаг, Кеңгір, т.б. бар. Бұлардың бәрінде әйелдер отырған арнайы бөлімдер болған. Сонымен бірге қызыл империя аумағында контингенті тек әйелдерден тұратын жалғыз еңбекпен түзеу лагері бар еді. Ол – Қарлағтың арнайы бөлімшесі, қазіргі Ақмола облысының Ақмол ауылы маңында орналасқан. Халық арасындағы бейресми атауы – «АЛЖИР».

1937 жылы Кеңес одағында жаппай қуғын-сүргін басталғанда «шаш ал десе, бас алатын» қызыл империя жөңдеттері бұл науқанды қазақ жерінде өте қатыгездікпен асыра сілтеп орындады. Ел тұтқасындағы көрнекті тұлғалардан бастап аздаған оқыған-тоқығаны, шамалы сауаты бар адамдар түгел жазаға ілігіп, көбі атылды, тірі қалғаны ұзақ жылға сотталып кете барды. Дегенмен кеңестік билік оны да місе тұтпай, өңді олардың әйелдерін абақтыға жабу туралы шешім қабылдайды. Міне, «АЛЖИР»-дің тарихы осылай басталған еді.

Бұл лагерьде 62 ұлт өкілінен құралған 18 мыңнан аса әйел отырған. Жалпы ГУЛАГ лагерлерін ұйымдастыру арқылы кеңестік билік бір оқпен екі қоянды атқан болатын. Біріншіден, ел ішіндегі бас көтерер көзі ашық адамдардан құтылса, екіншіден тұтқында отырғандарды тегін еңбек күші ретінде ауыр жұмыстарға жекті. «АЛЖИР-ге» келген әйелдерде Жалағаш көлі жағасында қамыс шабудан бастап соғыс кезінде сарбаздарға киім тігуге дейінгі түрлі жұмысты тегін атқарды.

Әйелдердің осы қасіретті қаласқа келу тарихының өзінен бір фильм түсіруге болады. Айтуға да ауыр, аянышты сәттер көз алдыға келеді.

Жұбайынан тірідей айырылып, қан жұтып отырған оларға НКВД қызметкерлері келіп, абақтыда отырған күйеулерімен кездестіреміз деп алдап, үйлерінен алып шыққан екен. Сонда «күйеуімді көретін болдым» деп қатты қуанған бейшара жандар балаларын да тастап, ең әдемі киімдерін киіп, әшекей бұйымдарын тағып, сәнденіп шыққан деседі. Тіпті жүк тасуға арналған вагонға отырғанда да өздерінің қайда бара жатқанды білмеген.

Бүгінде Ақмолдағы «АЛЖИР» музей-мемориал кешенінің алдында сол жүк вагондарының бірі экспонат ретінде тұр. Бұл жедігер музей ашылғаннан кейін Атбасар стансасынан табылыпты. Адам түгіл мал тасуға да жарамсыз осы отарбадағы ұзақ жол үстінде ғана әйелдер өздерінің Қазақстандағы лагерьге бара жатқанын біледі. Елінде көп ұзамай келемін деп қалдырып кеткен бала-шағасы бар. Содан әйелдер қолдарына түскен қағазға саусақтарын тістелеп қанмен хат жазыпты. Балаларын жақындарына аманаттап, мекен-жайларын жазып, ұшбу хаттарын вагонның әжетханасындағы тесіктен жол бойына тастай берген.

Жол-жөнекей оларға тұздалған балықтан басқа ештеңе берілмеген. Шөл қысқан кезде вагон қабырғаларына қатқан мұзды жейді. Таңертең ұйқыдан ояңғанда шаштары темір қабырғадағы қыраумен бірге жабысып қатып қалады екен. Осыдан ақ сталиндік вагондағы жағдайдың қандай болғанын бағамдай беріңіз. Салдарынан жолда көп әйел аштық пен суықтан, ауру-сырқаудан қайтыс болады. Оларды маң далаға тоқтап, вагонның есігінен далаға лақтырып кете берген.

Аман қалған әйелдерді Темір-таудың маңындағы бір мекенге апарып, жауып тастайды. Екі ай бойы осы жерге Кеңес одағының түпкір-түпкірінен әйелдерді тасып әкеліп,

бөріне «халық жауы» деген құжатқа күштеп қол қойдырғаннан кейін «АЛЖИР» лагеріне апарып, 5 жылдан 8 жылға дейін қамалғандарын хабарлаған.

Лагерьде әйелдер түрлі ауыр жұмысқа жетілген. Таңғы сағат 4-5-тен тұрып, кешкі 9-10-дарға дейін Жалағаш көлі жағасында қамыс шабу, мал бағу, арық қазу, егін егу сынды жұмыс істейді. Әр әйелге жұмыс нормалары бекітіледі. Сол норманы орындамаған жағдайда немесе малды өлтіріп алса, егін дұрыс шықпай қалса, түрлі жаза қолданылған. Мәселен, сөл ғана жаза басқаны үшін күнделікті өлшеулі тамағын бермей қою, тіпті мал өлтіріп алса, ату жазасына да кескен деректер бар. Әйелдерге жылына бір рет қана балаларына хат жазуға рұқсат етілетін. Сол сәтті олар асыға күтетін. Сондықтан олар үшін ең ауыр жаза отбасына хат жазуға рұқсат бермей қою еді.

Балаларын сағынған әйелдер қиындыққа да шыдап бақты. Күніне көлдің жағасынан 30-40 бума қамыс шабу талап етілсе, олар «ерте бостандыққа шығарар» деген үмітпен 70-80 бума дайындайтын. Соңғы уақытта көп айтылып жүрген құрт оқиғасы осы жерде болған. Бұл – Жалағаш көлінің арғы бетіндегі Жаңахөл атты қазақ ауылы тұрғындарының ерлігі. Сол уақытта жаңахөлдік қазақтар әйелдерге көмектесу үшін тек құрт емес, түнгі уақытта жасырын келіп, қамыстың арасына балық, ет, нанға дейін тастап кетіп отырған. Кейін лагерьден босаған бір топ әйел Жаңахөл ауылына арнайы барып, жергілікті тұрғындарға алғысын айтқан деседі...

Лагерь жабылғанда олардың бөрінен осыдан отырғаны, лагерь жайында ешкімге тіс жармау туралы қохлап алынады. Қаншама жыл қасірет шеккен әйелдер қайтадан ұсталамыз деп қорқып, өмірден өткенше «АЛЖИР» туралы ешкімге



айтпай кеткен. Соның салдарынан қазіргі күні 18 мың әйелдің толық бітімін анықтау мүмкін болмай отыр. Музей қызметкерлерінің айтуынша, 8 мыңдай ғана адамның аты-жөні анықталыпты. Олардың ішінде қазір көзі тірі ешкім жоқ. Ең соңғы тұтқын Анна Енданова 2014 жылы Ресейде қайтыс болған. Бөлім аты-жөндері анықталмаған 10 мыңдай адамның ішінде өлі тірі әйелдер де бар шығар...

Ресми деректерге қарағанда, қазіргі күні анықталған 8 мың әйелдің 4 мыңнан астамы орыс ұлтынан болған. Сонымен қатар еврей әйелдері де көп болыпты. 87 қазақ әйелінің ғана аты-жөні анықталған.

1953 жылы Сталин өлгеннен кейін «АЛЖИР-ді» жабу туралы шешім қабылданады. Бірақ лагерь 1955 жылға дейін жұмыс істеп тұрған. Кейін барлық құрылысы, барактары мен әкімшілік ғимараттарының бұзылып, тарих бетінен мұндай тозақтың болғанын өшіру үшін жермен-жексен

өтіледі. Жоғарыда айтқандай, ол уақытта Жалағаш көлінің арғы бетінде Жаңахөл ауылы болса, бергі жағында, яғни лагерь тұрған жерде елді мекен жоқ еді. Бірақ мұнда әйелдер еккен жеміс ағаштары, әсіресе таңқурай көп болатын. Нәтижесінде осы жерге адамдар келіп қоныстанып, жаңа ауыл пайда болады. Оған таңқурай, яғни орысша «малина» жемісінің құрметіне Малиновка деген атау берген. 2007 жылы Ақмол атауы берілгенге дейін ол Малиновка деп аталып тұрғаны белгілі.

Қанша жерден жасырып-жапса да, «АЛЖИР» ақтаңдағын ешкім тарих бетінен өшіре алған жоқ. 80-жылдар Малиновканы басқарған неміс ұлтының өкілі Иван Шарфтың бастамасымен Жалағаш көлі жағасынан құм фабрикасын салу барысында жер астынан адам сүйектері табылған. Оған дейін ауыл тұрғындарының өзі бұл жерде лагерь болғанын білмейтін,

білсе де айтуға қорқатын. Дегенмен Иван Шарфтың мұрындық болуымен алғаш рет «АЛЖИР» туралы ақиқат ашық айтыла бастады. 1989 жылы ол кісі лагерьде отырған әйелдерге хат жолдап, кездесуге шақырады. Ол кезде әйелдердің көбі тірі болғанымен, «бізді тағы да алдап шақырып жатыр» немесе «ұрпақтарымызға кесірі тиеді» деп қорқып, кездесуге келуден бас тартқан. Тек 15 шақты әйел батылдық танытып, осы ауылға кездесуге келіп, лагерь туралы көзбен көрген оқиғаларын баяндап берген.

2007 жылы Ақмол ауылынан «АЛЖИР» музей-мемориал кешені тұрғызылды. Сол кезден бері музей қызметкерлері лагерь тарихына қатысты мәліметтерді тіркептеп жинап келеді. Бұрын айтылмаған деректер, ашылмаған сырлар табылып жатыр. Бірақ атқарылар іс өлі де ұшантеңіз. Бұл өңді басқа еңгіме...

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №696

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН